# Бастауыш бірлестік жұмысының жылдық есебі

***Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:*** *"Жаңа технология әдістерін қолдана отырып, бастауыш сынып бойынша білім алушылардың біліктілігін дамыту"*

***Мақсаты:*** *Оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу арқылы белсенді оқу принциптерін, критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыру,білім алушының бойына жаңартылған оқу бағдармаларында көзделген құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру.*

***Міндеті:***

*1. Оқу тәрбие жұмыстарын жоспарлап, ұйымдастыру.*

*2. Оқытудың мемлекеттікстандартына сәйкес бағдарламалар бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды талдап, қарау.*

*3.Пән мұғалімдерінің өз білімдерін жоспарларын қарап, біліктілігін көтеру курстарына баруды жоспарлап, мектеп әкімшілігіне ұсыну.*

*4. Аттестациядаөтетін мұғалімдердің тізімін жасап, жоспарлау.*

*5.Мектепішілік олимпиада өткізу, ғылыми жобаларға қатысу*

*6.Пәнге қызығушылығын ояту үшін түрлі инттелектуальды сайыстар ұйымдастыру, қатысу.*

**Мұғалімдердің сапалық құрамы төмендегіше:**

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінде барлығы 4 бастауыш сынып мұғалімі,1 мектепалды даярлық топ мұғалімі еңбек атқарады.

Педагог –зерттеуші:2

Педагог –сарапшы:-

Санаты жоқ:2

| р/с | Мұғалімнің аты жөні | Туған жылы, айы, күні | Білімі, оқу орны, бітірген жылы /очно,заочно/ | Диплом бойынша мамандығы | Аттест өткен жылы | Еңбек өтілі | санаты | Таңдау курсы | Курстан өткені туралы мәлімет /сертификат номері, жылы, қайда өтті/ | | | | Проблемалық тақырыбы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Жаңартылған білім мазмұны | Критериалды бағалау | Тапсырмаларды әзірлеу | Басқа курстар | |
| 1 | Исина Жанагул Картабаевна | 23.12.1967 | Жоғары КарПИ ПиМНО 1990ж /очно/ | Бастауышты оқытудың педагогикасы мен методикасы | 2019 | 33 | Педагог-зерттеуші | нейротренажер | «Өрлеубіліктілікті арттыру ұлттық орталығы»акционерлік қоғамының филиалы 2017ж №016434 | «Назарбаев Зияткерлік мектептері»дербес білім беру ұйымы 2020ж. | ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша «Бағалауға | «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Тәжірибедегі рефлексия» 2017ж №0001 «Ұлағат» дамушы ұстаздар орталығы ұйымдастырған «Педагог мәртебесі» атты семинарында тәжірибе алмасып, біліктілігін арттырып Ыбырай Алтынсариннің білім беру жүйесі: Инклюзивті білім беру: Буллингтің алдын алу жолдары: Сабақты қызықты өткізуге арналған тиімді, заманауи | Жылдам оқытудың әдіс - тәсілдері |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» 2021 №001843 8.07.21ж | дидактикалық әдіс-тәсілдер:TOP -10 платформа: интернет платформаларды сабақта қолдану жолдары. Мұғалімнің даму жолы. Заманауи мұғалім қандай болу керек? Тақырыптарын меңігергендігін растайды. Сертификат 15.07.2023 UDUO№2223 Дидактика Бастау «Көркем жазу» курсы 19.04.2022ж | |
| 2 | Қыстаубай Арайлым Әскербекқызы | 27.11.1978 | Жоғары КарГУ ПМНО 2002 /заочно/ | Педагогика және бастауыш мектепте оқыту әдістемесі | 2020 | 25 | Педагог-зерттеуші | «Математика және логика» «Қызықты математика» | Бастауыш сынып мұғалімдерінің иматематика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзіреттіліктерін дамыту «Өрлеу» 2023 | «Назарбаев Зияткерлік мектептері»дербес білім беру ұйымы 2020ж | Куәлік «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Бастауыш сынып пәндері бойынша бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» 04.06.2021 | «Lesson Stady» курсы «Өрлеу» 2023 | Бастауыш сыныпта зерттеу жұмыстарын жандандыра отырып, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру |
| 3 | Сайлау Ләззат Ерғалиқызы | 22.06.1992 | Жоғары «Bolashaq» академиясы ЖББ 2021ж | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | | 11 | | «Жас шахматшы» | Бастауыш сынып мұғалімдерінің иматематика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзіреттіліктерін дамыту «Өрлеу» 2023 | - | Педагогикалық шеберлік орталығының Қарағанды қаласы филиалы ЦПМ «Тиімді оқыту» 07.12.2022 | - | Бастауыш сыныпта инновациялық технологияларды пайдалану жолдары |
| 4 | Хасенова Венера Нурсултановна | 19.01.2004 | Қостанай жоғары педагогикалық колледжі 2019-2023 | Бастауыш сынып мұғалімі | | | | | | | | | Білім алушылардың математика пәнінде функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру |
| 5 | Абешова Аққу Абылайкызы | 30.07.1984 | Жоғары «Болашак» | Мектепке дейінгі оқыту және | | 17 | | Сиқырлы суретші Логика | Педагогика шеберлік орталығыны | - | - | «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Қарағанды қаласы | Ойын арқылы балалардың сөздік қорын |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қарағанды университеті 2012ж /заочно/ | тәрбиелеу және тәрбиелеу | | | | Ойнайық та, ойлайық! | ң Қарағанды қ.филиалы Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру 2020ж 19 қазан | | | филиалы<br>Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру 14.09.2020ж №129483 | дамыту, тілін жетілдіру |

Бастауыш сынып бірлестігінде жылдық жоспарға сәйкес тамыз айында бірлестік отырысы болды. Онда әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасалды. Әр сынып жетекшілері биылғы оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт» талаптарын, оқу бағдарламаларын, 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа ала отырып 2023-2024 оқу жылына күнтізбелік жоспары және жаңа оқу жылына жұмыс жоспары қарастырылып бекітілді. Білім алушылар барлық сыныпта да, оқулықпен қамтамасыз етілді. «Мектепке жол» акциясы бойынша сынып жетекшілер жұмыстанды. Бастауыш сынып оқушылары толығымен ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектепке келген жалпыға бірдей әлеуметтік киім-кишекпен аз қамтылған, көп балалы отбасыларға берілді. Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету мақсатында қосымша сабақтар жоспары құрылып, бекітілді.1 қыркүйек Білім күніне байланысты барлық сынып жетекшілер алғашқы сабақтарын өткізді. Өткізілетін іс-шаралар кестесі құрылып, жоспар бекітуге ұсынылды.

Қазақстан халқы тілдері күніне орай қыркүйек айының 5-12 аралығында жоспар бойынша тілдер апталығы өтті.

Әліппе атасы. Ахмет Байтұрсынов турвлф тәрбие сағаты 2-сыныпта Әрінова Ә.Қ, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметті!» сынып сағаты 3 «а» сыныпта Исина Ж.К, «Сауаттылық күні» 4 сыныпта диктант жазды, «Оқуға құштар ұрпақ» 1 сыныптарда Хасенова В.Н кітапханамен байланысты іс-шара өткізді. 09.10.23 -13.10.23ж аралығында мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлау, білімге деген құштарлықтарын арттыру мақсатында **« Біз мектепке барамыз!»** атты тілашар апталығы өтті. «Бала тілі - бал» атты қуыршақ театрын МАД тобында Абешова А.А өткізді. Қазақ тілі сабағынан «Жемістер» тақырыбында ашық сабақ, 1 сыныптарда әліппе сабағынан ашық сабақ Қыстаубай А.Ә, Хасенова В.Н өткізді. «Кәтап-білім бұлағы» тақырыбында кітапханаға саяхат жасады. Әр ай сайын жоспар бойынша жұмыстар жүргізіліп отырды. Қазан айында бастауыш сыныптар арасында **“Алтын күз”**мерекесі өтті.

Қазан айының 16-20 аралығында «Әсемдік әлемі» апталығы өтті.

**Апталықтыңмақсаты:** эстетикалық әсемдік пен әдемілікті мәдениетті, табиғатқа,қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.Күзгі табиғи құбылыстар мен ерекшеліктерді нақты түсінуге байланысты3 «А» сыныбында «Сиқыршы күз » тақырыбында бірнеше шығармашылық жұмыстар жасап,тапсырмалар орындады.Оқушылар барлық тапсырмаларды

аса қызығушылықпен орындады,сабақ сәтті өтті. 2 «А» сынып білім алушыларымен «Түстер әлемінде» атты сынып сағаты өткізілді. Онда, білім алушылармен түрлі түстердің араласуымен болған «Түстер де билейді» тақырыбында зерттеу жұмысын жасады, түрлі түстердің араласуы арқылы жаңа түс шығарып сурет салды. 1 «Ә», 3 «Ә» сынып білім алушыларымен «Күз байлығы» атты табиғи материалдардан жасалған бұйымдар көрмесі өткізілді. «Этикет күні», 4 сыныпта «Этикет ережелері. Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында танымдық ойын өтті. Сынып білім алушылары этикет ережелері туралы өз ойларымен бөлісіп, топтық жұмысқа белсене қатысты.

Ойын барысында жағдаяттар шешіп, постер қорғап, қарым- қатынас ережелеріне сай өз білімдерін көрсетті. Апталық соңында көрмеге қатысқан, жақсы жұмыс көрсеткен білім алушылар мектепішілік Алғыс хатпен марапатталды.








1 сынып оқу білім дағдылары жақсы қалыптасып келеді. Оқуға деген бейімділігі, ынтасы жақсы. Оқушылардың күнделіктері, жазбажұмысдәптерлері, күнделікті жұмыс дәптерлері үнемі тексеріліп отырылады. Білім сапасын арттыру мақсатында, мұғалімдердің сабақ өту дәрежесін көтеру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру ұмыстары жүргізілуде. Сабақты нашар үлгеретін оқушыларды тізімгеалып, сынып жетекшісі, пән мұғалімі баланың ата-анасымен тығы збайланыс орнатып, қадағалауда. Сынып жетекшілер жеке жұмыстар жүргізіп отырады. Қараша айындажоспар бойынша математика, қазақ тілі, жаратылыстану пәндерінен 2-4 сыныптар арасында **мектепішілік олимпиада** өткізілді. Олимпиада түрлі тапсырмалар, тест түрінде алынды. Қорытындысы шығап, орын алған білім алушылар мектепішілік алғыс хатпен марапатталды. 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай әр сыныпта сынып сағаттары өтті. жоспар бойынша **«ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА»** атты тарихи сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың бірінші күні мектеп дәлізінде жалпы апталық ашылу салтанатты жиыны өтті. 11.12.23 күні 3 «ә» сыныпта «Менің отбасым, мектебім

және елімнің тарихы» тақырыбында Сайлау Л.Е сынып сағатын өткізді. 12.12.23 күні 2 сыныпта «Менің елімнің тарихы» атты сынып сағатын Әрінова Ә.Қ өткізді. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту мақсатында «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында тәрбие сағаты, тарихи сауаттылық апталығының «Менің елімнің тарихы» тақырыбымен ұштастырылып өткізілді. 13.12.23 күні 1 сынып оқушыларымен Хасенова В.Н «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері» атты сынып сағатын өткізді. 14.12.23 күні 3 «А» сыныпта «Ақыл гимнастикасы» Флипбук құру танымдық ойынын Исина Ж.К өткізді. Онда білім алушылар қызықты тапсырмалар орындады. Менің Еліммен мақтанамын! тақырыбында флипбук құрды. 15.12.23 күні Қыстаубай А.Ә 4 сыныпта «Қазақстандағы тәуелсіздіктің қалыптасуы» атты сынып сағаты өткізді. Сынып сағатында еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жеңістіктерімен таныстырылды.












Жаңа жылдық мерекесі жоспар бойынша 1-2 сыныптар, 3-4 сыныптар арасында өтті. Онда түрлі кейіпкерлер болып білім алушылар қойылымдар қойып, ата-аналар ойындар ұйымдастырды, сыйлықтарын таратты.











Әр тоқсан қорытынды бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды, сынып сапасымен таныстырылды. Білім алушылардың каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.
Қаңтар айында жоспар бойынша бірлестік отырысы өтті. Онда жарты жылдық қорытынды бойынша , оқу техникасы бойынша сапалар салыстырылып, талданды. Алдағы апталықтар туралы айтылып, жоспар құру қолға алынды. Атап

айтсам «Жаратылыстану ғылыми сауаттылық», «Оқу сауаттылық», «Математикалық сауатттылық » апталықтарына бастауыш сынып бірлестігі арасында жеке жоспар құрылып жұмыстар атқарылды. Апталықта Хасенова В.Н, мен Сайлау.Л.Е ашық сабақтарын көрсетті. Сыныптан тыс іс-шаралар тақырыпқа сай, білім алушылар жас ерекшеліктерін ескере отырып өткізілді. Қазақстанның табиғаты (Буклет әзірлеу) 2 сыныпта Хасенова.В.Н, «Мейірімділік акция аллеясы» (Құстарға жемшашар жасау) Исина Ж.К, «Жас инженер» (Қалдақ заттардан бір туынды жасау) Сайлау Л.Е, «Болашақ ғаламшар» (Фотокөрме) 1 сыныптарда ҚыстаубайА.Ә мен Хасенова В.Н өткізді. «Ғылым және технология» тақырыбында жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы апталығы қарсаңында 4 сыныпта «Жас зерттеуші» тақырыбында білім алушылар өздерінің жыл бойында жасап жүрген зерттеу жұмыстарын қорғады. Болат Әбілмансұр "Ара " , Манасұлы Хақназар "Тісті қалай сақтау керек?", Жұмажан Шұғыла "Бидай өсіру" тақырыбында өз зерттеу жұмыстарын қорғады. Қорыта келе алдағы уақытта өтетін "Зерде" ғылыми жоба сайысына Болат Әбілмансұр, Жұмажан Шұғыла, Манасұлы Хақназардың зерттеу жұмыстарын қатыстыру ұсынылды. Ақпан айында жоспар бойынша **«Әке жолы – ізгі жол»** тақырыбында әкелер айлығы өткізілді.14.03.24 күні Көрісу күнімен қатар **«Әкелер мектебі»** жобасы аясында аталар, әкелер мен ағалар келіп, ұл балаларды ат әбзелдерімен таныстырып, қамшы өру шағын сабағын өткізді. Атап айтсақ Ахметжанов Нұрлан, Аманжолов Жолдыбай, Турусбеков Нахыпбек, Искаков Серік, Қойшыбаев Танат,Әжкәрім Нұртас баллаларға ұлттық құндылығымыздың бірі ат әбзелдерін таныстырып, қамшы өрім түрлерін көрсетіп үйретті. Қамшының қасиеті мен тәрбелік мәні туралы айтылды. Сабақ соңында ұлттық ойындар ұйымдастырды. «Арқан тартыс», « Үш қадам», «Бес асық», «Теңге алу», «Қол күрес», «Ханталапай» сияқты ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнады. Соңында қол күрес, арқан тартудан жеңімпаздар анықталды. Сабақ соңында сынып жетекші Қыстаубай Арайлым Әскербекқызы келген ата-аналарға ізгі тілектек айтылып, алғыс білдірді.

























Білім сапасы жылдық қорытынды бойынша

| Сынып | сапа | Пән мұғалімі |
|---|---|---|
| 2 «а» | 76% | Әрінова Ә.Қ |
| 3 «а» | 94% | Исина Ж.К |
| 3 «ә» | 76% | Сайлау .Л.Е |
| 4 «а» | 79% | Қыстаубай А.Ә |

Бастауыш сыныптар арасында оқу техникасы жоспар бойынша алынып, нәтижесі сараланып, қосымша жұмыс жүргізіліп отырды. 17 компонент бойынша әр ұстаз өз сыныбының оқуын тексеріп, нәтижесін шығарып отырды.
Жалпы бастауыш сынып  бойынша оқу шапшаңдығының көрсеткіші

| Сыныбы | Барлығы | Оқығаны | Нормаға сай | Нормадан жоғары | Нормадан төмен | сапа | үлгерім |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 «А» | 21 | 21 | 9 | 6 | 6 | 71% | 100% |
| 3 «А» | 16 | 16 | 7 | 6 | 3 | 81% | 100% |
| 3 «Ә» | 17 | 17 | 8 | 5 | 4 | 76% | 100% |
| 4 «А» | 24 | 24 | 11 | 9 | 4 | 83% | 100% |

«Зейін» жобасы аясында 3-сынып білім алушыларымен өткізілген оқу жетістігін бағалау нәтижесі туралы отырыста қаралып, төмен көрсеткіш көрсеткен пән бойынша пән мұғалімі қосымша жұмыстар атқарылды. Сәуір айында атқарылған жұмыс нәтижесі қайта қаралып, талқыланды. Мектепшілік тексеріс барысында төмен нәтиже көрсеткен 2 сынып пен 3 ә сыныптар бойынша атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді. Аталған сыныптарда білім сапасында алдағы тоқсандармен салымстырғанда өсу динамикасы бар. Жалпы бастауыш сыныптар арасында Кенгуру, Ақбота олимпиадаларына белсенді қатысып, жүлделі орындар алып отырған білім алушылар көп. Аудандық, республикалық ғылыми жоба, сайыстарға қатысып орындар иеленіп отыр.
Жалпы биылғы оқу жылы бойынша бастауыш сынып ұстаздарының рейтингісі жасалып отыр. Әр тоқсан сайын білім алушылар жетістіктері мен ұстаздар жетістіктері тіркеліп, жинақталып отыр.

Жалпы жоспарланған іс-шаралар өз деңгейінде атқарылды. Оқудағы кеткен олқылықтардың алдын алу жоспары бойынша пән мұғалімдері қосымша жұмыстар атқарды. Алдағы оқу жылында жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде жалғасын табады деген сенімдемін.

**SWOT талдау-2023-2024оқу жылы**

| **S күшті жағы** | **W әлсіз жақтары** |
|---|---|
| - Мұғалімнің сапалық құрамы 50% болуы.<br>- Мұғалімдердің аудан, облыс, республикалық конференция, семинар, вебинар, онлайн шебер сыныптар, воркшоптарға қатысу нәтижелері<br>- Оқушылардың олимпиада, оқушылардың интелектуалдық байқауларға қатысу нәтижелігі динамикасының жоғарылауы.<br>- Оқушылардың олимпиада, ғылыми байқаулардағы орын алу деңгейінің жоғарлауы<br>- Мұғалімдердің үнемі ізденісте жүрып, жаңа технологияларды меңгеруі | - Бастауыш сынып мамандардың жетіспеуі.<br>- Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерінің санының жылдан жылға төмендеуі<br>- Интернат тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен байланыстың төмендігі.<br>- Оқу кабинеттерінің аз болуы<br>- Спорт залмен, акт залының талапқа сай келмеуі..<br>- Интернет желісінің әлсіз жұмыс жасауы<br>- Білім алушылардың үй тапсырмасына дайындығы ата ана тарапынан қадағаланбауы<br>- Білім алушылардың кітап оқымау салдарынан оқу техникасының төмендеуі |

| **О мүмкіндіктері** | **Т қауіп-қатерлер** |
|---|---|
| - Мектеп ұстаздарының оқушылармен жеке дара, қосымша жұмыстар жүргізу. «Сарыарқа-дарыны» орталығы «ҚҒА» орталығы, ЖОО-мен қарым-қатынаста жұмыс жасауды жүзеге асыру;<br>- Ата –аналар қоғамдастығы жұмысын күшейту.<br>- Сапалық құрамды өсіру, аттестациядан, курстардан өту, біліктілікті арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.<br>- Ғылыми сайыстарға, олимпиадаларға қатысу дәрежесін көтеру.<br>- Облыстық, Республикалық сайыстарға, олимпиадаларға қатысу сапасын арттыру. | - Бастауыш сынып маманы жетіспеушілігі<br>- Қаржыландыру жолдарының әлсіздігі, техниканың істен шығу, тозу, пән кабинеттерінің жеткіліксіздігі;<br>- Мектептің спорт залының тарлығы, қысқы мерзімде суық, спорттық инвентарлардың жаңарту жолдарының жеткіліксіздігі.<br>- Арнайы асхана бөлмесінің болмауынан, акт залын толық пайдалануға мүмкіндіктін аздығы. |

## 2023-24 оқу жылын қорытындылай келе келесі оқу жылына ұсынымдар

- Оқытудағы олқылықтарды жою немесе түзету жұмыстарды жоспарлауда әр мұғалімге оқытудың әдіс-тәсілдерін жандандыру, критериалды бағалау принциптерін сақтау. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды жоспарлау, жұмыстарды жүйелеу
- Білім алушылардың оқу сауаттылығын, жазу калиграфияларын жақсартуда, оқу техникасын жетілдіруде математикалық, жаратылыстану сауаттылығын арттыруда жұмыстарды жетілдіру.
- Оқу техникасын жақсарту арқылы оқу сауаттылығындағы проблемалар айқындалып, шешу жолдарын қарастыру.
- Бастауыш сынып маманының жетіспеушілігін жою жолдарын қарастыру
- Сапа төмендегін сыныптардағы және жеке пәндерден төмен көрсеткіш көрсеткен сапаны талдап, кемшіліктерді жоюда, пәндер бойынша жеке оқушылармен жұмыстар жүргізу, ата-аналар қоғамдастығын күшейте отырып,бірлескен жұмыс түрлерін нығайту.
- Интернет желісін қалыпқа келтіру
- Білім алушылардың ғылыми сайыстарға, олимпиадаларға қатысу дәрежесін көтеру. Облыстық, Республикалық сайыстарға, олимпиадаларға қатысу сапасын арттыру.

Бірлестік жетекшісі: А.А.Қыстаубай